



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

www.stat.gov.kz

ІШКІ САУДА СТАТИСТИКАСЫ

АСТАНА 2017

ІШКІ САУДА СТАТИСТИКАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН АҚПАРАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Сауда бірліктерін статистикалық зерттеу ішкі сауда статистикасын құрастыру үшін ақпараттың негізгі дереккөзі болып табылады.

Зерттеу жаппай әдіспен жиынтықтың барлық бірліктеріне пікіртерім жүргізу жолымен немесе бас жиынтықтан ғылыми әдістермен іріктелген бірнеше репрезентативті бірліктен ғана жауап алу жолы арқылы іріктемелі әдіспен өткізіледі.



ІШКІ САУДА СТАТИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бөлшек сауда көлемі;

Көтерме сауда көлемі;

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтердің көлемі;

Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтердің көлемі;

Бөлшек сауданың нақты көлем индексі, %

Көтерме сауданың нақты көлем индексі, %

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтердің нақты көлем индексі, %

Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтердің нақты көлем индексі, %

Халықтың жан басына шаққанда бөлшек сауда көлемі;

Сауда базарларының желісі;

Сауда кәсіпорындарының желісі;

Тауар қорлары;

Тауар құрылымы



ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСНАМАЛАР

1

(15.12.2015 жылдан №209 бұйрық) ҚР
ӘМ-де бекітілген және тіркелген Ішкі сауда
статистикасы бойынша көрсеткіштерді
қалыптастыру жөніндегі әдістеме

2

Бөлшек және көтерме сауда статистикасы
бойынша халықаралық ұсынымдар,
Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2008ж

Бөлшек саудаға сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзгедей пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет жатады.



Көтерме саудаға кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзгедей пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет жатады.



Айналымның нақты көлем индексі баға өзгеруінің ықпалынсыз оның тек нақты көлемінің өзгеруі нәтижесінде айналымның өзгеруін көрсетеді.

Есептің бағдаржолы:

$$I_{\Phi O} = (O_1 / I_D \times 100) / O_0 \times 100$$

мұндағы,

- $I_{\Phi O}$ – тауарларды (қызметтерді) өткізу айналымының нақты көлем индексі;
 I_D – баға индексі айналымның сәйкес дефляторы;
 O_1, O_0 – ағымдағы бағада есепті және базисті кезеңдерге сәйкес көрсетілген қызметтер көлемінің құны.



2016 жылғы халықтың жан басына шаққанда бөлшек сауда көлемі. (мың тенге)

